

Алдаберген М.Н.,* Байшуақова А.Д., Наурызова Қ.
т.ғ.к. доцент ОҚМПУ. Шымкент. Қазақстан
аға оқытушы ОҚМПУ. Шымкент. Қазақстан
магистр-оқытушы ОҚМПУ. Шымкент. Қазақстан
**ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ХАТТАРЫ –
ЗҰЛМАТ КЕЗЕҢІНІҢ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ РЕТІНДЕ**

Автор корреспондент: m.n.aldabergen@mail.ru

Түйін: Мақалада Қазақстандағы 1931-1937 жылдардағы ашаршылықпен күштеп ұжымдастыру жылдарындағы қазақ халқының қасіреті мен зобалаңды кезеңдерінің мазмұны мен мәні туралы деректеме көздері болып табылатын Ресей Федерациясы Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары мемлекеттік және қоғамдық –партиялық орынбасары мемлекеттік және қоғамдық-партиялық қайраткері Тұрар Рысқұловтың хаттары туралы баяндалады.

Кеңес Өкіметінің қатаң бақылау мен саяси бостандықтарды тұншықтыру жағдайындағы әміршіл-әкімшілік саясатына қазақ зиялы қауым өкілдері өлкенің қайта құруына шешуші түрде қарсылық білдірді. Қазақ даласындағы күштеп ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру саясатына қазақ ұлтының зиялылары Т. Рысқұлов, Ғ. Мүсірепов, О. Исаев, М. Ғатаулин, М. Даулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ.Қуанышев т.б. белсенді көзқарастарын алға тартты.

Олардың пікірлері жаппай ұжымдастыру саясаты кезіндегі жіберілген қателіктерді анықтауда маңызды роль атқарды. Оның ішінде «бесеудің хаты (шілде, 1932ж.), ҚазАССР ХҚК төрағасы О. Исаевтың (тамыз, 1932ж.), РСФСР ХҚК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың (1932-1933жж.) хаттарының мазмұнында қазақ халқының ұлттық трагедиясының көлемі мен барысы, зардаптары туралы дәйекті мәліметтер айтылды.

Сондықтан бұл құжаттарда 1937-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру саясаты мен зұлматты ашаршылықтың тарихы туралы дерек көзі ретінде қарастырамыз.

Кілт сөздер: Жаппай ұжымдастыру, Ұлы жұт, геноцид, этноцид, зұлмат, қайғы-қасірет, Бесеудің хаты, отырықшылық, жартылай көшпелі, індет, зобалаң.

Қазақстан тарихының тарихнамасында 1928-1932жылдардағы жаппай ұжымдастыру мен оның халыққа келтірілген зардаптары, ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ халқының өміріндегі қасіретті, зұлматты, зобалаң кезеңдері геноцид, этноцид деген атаулармен белгілі болған. Жалпы ХХ ғасырдың 20-30жылдарындағы ашаршылық тарихы өте ауыр кезең ретінде сипатталады.

Соған орай Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1995жылғы 24 наурыздағы Қазақстан халқы Ассамблеясының I сессиясында сөйлеген сөзінде: "...Бүкіл Кеңес тарихы халықтардың құқықтары сан рет бұзылғанын және тікелей геноцид фактілерінің орнын алғанын көрсетеді. Бұл миллиондаған азаматтар қаза тапқан 20-30жылдардың аштығы. Қазақтардың саны жартысына дейін кеміді, басқа халықтар да миллиондаған адал еңбеккерлерінен, білімді де кәсіпқой адамдарынан айырылды. Көптеген ұлттардың гендік қорына нұқсан келтірілді. Бұл мәдениеттің, ғылымның, әдебиет пен қоғамдық ойдың ең таңдаулы өкілдерін жаппай қуғынға салу мен ату болды. Бұл халықтарды жаппай күштеп көшіру мен ұлттық құрылымдарды жою болды..." деп атап өтті. [1]

Сол кезеңдердегі елді жайлаған ашаршылық, эпидемия большевиктік жазалау әрекеттері миллиондаған адамдарды құрбан етті. Осы кезеңде халықтардың саны күрт төмендеген. Мысалы, республикадағы қазақтардың саны 1926 жылғы санақ бойынша 3628000 адам болса, 1939 жылғы санақта 1 млн 200 мың адамға азайған яғни 36%-ке жеткен. [2, 146]

Қазақ халқына орны толмас қасірет пен қайғы әкелген отызыншы жылдар ойраны туралы, күштеп ұжымдастыру саясаты кезіндегі Кеңес үкіметінің солақай саясатының нәтижелеріне байланысты қазақ зиялыларының мемлекет және партия қайраткерлері Т.Рысқұловтың, Ғ.Мүсіреповтың, О.Исаевтың, Л.Мирзоянның сондай-ақ басқа жанашыр

азаматтардың сол кезеңдердегі КСРО мен республика басшылықтарының алдына көтерген мәселелері, ой-пікірлерінің орынды және өзекті болғандығын уақыт көрсетіп отыр. Қазақ халқының XX ғасырдың 20-30 жылдардағы зұлматты жылдары тарихының деректеме көзі ретінде саналатын құжаттар мен материалдардың ішіндегі маңыздылары – КСРО мен республика басшыларының атына жазылған 1932 жылдың шілдесінде жазылған алғашқы ресми мәлімет – «Бесеудің хаты» авторлары Ғабит Мүсірепов, Мансұр Ғатаулин, Мұташ Дәулетқалиев, Емберген Алтынбеков, Қадыр Қуанышев. Қазақ автономиясы республикасының халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы-Ораз Исаевтың Ресей Федерациясы үкіметі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың Сталинге және республика басшыларының аттарына жазған ресми хаттары, БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Левон Исаевич Мирзоянның И.Сталин мен В.Молотовтың адресстеріне жазылған ресми хаттарын айтуға болады.

Соның ішінде Мәскеуде Ресей Федерациясы халық комиссарлары төрағасының орынбасар қызметінде жүрген Т.Рысқұлов Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) Партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Сталин жолдастың атына Қазақстандағы алапат ашаршылықпен қанды қырғынның себептері туралы, Күштеп ұжымдастыру мен қазақтарды отырықшыландыру, жаппай қоныс аудару туралы екі рет хат жолдайды. 1932 жылдың 29 қыркүйегінде (№ТР-16/с.Москва.Кремль) И.Сталинге жолдаған хатында қазақтардағы мал басының күрт кемуі және оның зардаптары туралы нақты мәліметтер келтірген. Көшпенді халықтың жағдайына назар аударып, одан шығудың жолдарын көрсеткен. Атап айтқанда «Қазақстанда 1928 жылғы 32 миллион бас малдан (қазақ органдары тіпті 40 миллионға дейін болды деп есептеуде) қазіргі уақытта (1932 ж. ақпанда жүргізілген Бүкілодақтық мал санағының деректерін есепке алғанда) 5 млн. 397 мың бас мал қалған, яғни 83 процент кеміп кеткен (оның ішінде қой 88 процент, сиыр 86 процент азайған). Орталық Комитеттің коллективтендіру барысындағы бұрмалаушылықты түзету және малды талан-таражға салуға қарсы күресу туралы нұсқауларынан кейінгі жерде, 1931 жылғы ақпаннан 1932 жылғы ақпанға дейінгі аралықта (санақ деректері бойынша) мал басы 55 процент кеміді, ал СССР бойынша осы уақыт ішінде 16,7 процент, оның ішінде ірі қара 40,3 процент болған. [3, 39]

Т.Рысқұлов өзінің хатында БК(б)П Орталық Комитетінің «көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда ұжымдастыруға асығудың қажеті жоқ» деген нұсқауының өрескел бұзылу себептерін көрсеткен. Өйткені, "1931 жылдың 1 қаңтарына қарай Қазақстанда орташа есеппен алғанда, ұжымдастыру 32%-ды қамтып, 84 340 шаруашылық отырықшылыққа көшуі мүмкін деген болжам жасалса, асқан шапшандықтың арқасында бұл көрсеткіш 61,2%-ға жеткізілген. 1931 жылдың 1 желтоқсан қарсаңында ұжымдастыруға 68,9% қамту қарастырылса, бұл көрсеткіш 72,2%-ға жеткізіліп, жартылай көшпелі аудандарда 57,6%-ға дейін барған." 1932 жылдың 10 сәуіріне дейін ұжымдастыруға 64,3%-ды қамту көзделсе, іс жүзінде отырықшы шаруашылықтарда бұл көрсеткіш 68,8%-ға дейін жеткені шындыққа жанаспайтыны, мұның асығыс, әрі алдамшы әрекеттің салдары» екендігі айтылды. [2. III] Себебі, бұл цифрлық көрсеткіштер Ф.И. Голощекиннің қазақ ауылындағы коллективтендіру туралы, өлкелік активінің Кеңесінде 1932 ж. мамырдағы сойленген сөздері еді. Сонымен бірге Т.Рысқұлов өзінің хатында қазақтар үшін мал шаруашылығының қаншалықты маңызды екенін Бүкіл қазақтың VI партия конференциясының (1927 ж. 15-23 қарашада өткен) материалдарына сүйене отырып дәйектемелер келтіреді.

Мысалы, «талдау Қазақ АССР халық шаруашылығының өзекті саласы мал шаруашылығы екенін көрсетеді, халықтың 75%-ы мал шаруашылығымен шұғылданады және ол бүкіл жалпы өнімнің 50% береді. Сондықтан Қазақ АССР-і шаруашылығының, бұл саласын мейлінше жақсы дамыту бүкіл халық шаруашылығына, Қазақ АССР-і халқының басым көпшілігінің әл-ауқаты мен игілігін көтеруге шешуші ықпал жасайтын болады. Ал байырғы халықтың 90 проценті мал шаруашылығымен шұғылданатын болғандықтан, бұл мәселе едәуір дәрежеде ұлттық мәселе болып табылады-делінген.

Қазақстанда мал шаруашылығын қалпына келтіру шаралары үшін тиісті ұсыныстар

айтады. Оның ішінде қоғамдастырылған сиыр мен ұсақ малдың бір бөлігін дереу колхозшыларға қайтару, қоғамдастырылған малдың процентін ең болмағанда КСРО бойынша алынған орта мөлшерге тең деңгейде яғни 25 процент шамасында қалдыру керек, ал көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы қазіргі бар колхоздарды таратып, оның орнына өкім беретін барлық малды колхозшыларға қайтарып беріп, халықтың өзі талап етіп отырған жерлерде ғана артельдерді сақтап алу керек, ал қалған жерлерде жерді бірлесіп өңдеу серіктестіктерін ұйымдастыру керек. Сонымен бірге қазақ халқына үлестіріп беру үшін 1933 ж бастап 3 жыл бойында көршілес шығыс елдерінен (Батыс Қытай және басқалары) жыл сайын бір миллион қой сатып алу белгіленсін, бұл шара екі жыл өткеннен кейін халықтың осы қойларды мемлекетке қайтарып беруін шарт етіп қойып, Қазақстандағы мал базасын қалпына келтіру мақсатында жүргізілуі тиіс.

Сондай-ақ 1933 жылдың көктеміне қарай, Қазақстандағы совхоз жүйесінен 200 мың қой өндірістік мақсат үшін беру керек; қазақ халқының (өз еркі бойынша) қаржы жинап, мемлекеттік органдар арқылы КСРО-ның басқа аудандарынан немесе көрші шығыс елдерінен қой және басқа да мал сатып алып, оны қазақтарға жеткізіп беру керек; Қазақстанмен шектес өлкелер мен республикаларды өздерінің территорияларына қоныс аударып барған қазақтарды (ең алдымен балаларды) қыстың жақындап қалғанына байланысты баспаналарға орналастырып, жұмысқа жарамдыларына жұмыс тауып беруге, жергілікті қорлардан азық-түлік жәрдемін көрсетуге міндеттеу керек", - деген сияқты халыққа жанашырлық ұсыныстарды алға тартады [4,27]

1933 жылы 9 наурызда Т. Рысқұлов БК(б)П Орталық Комитетіне оның Бас хатшысы И. Сталиннің атына екінші хатын (№ ТР-07/с) оның көшірмесін БК(б)П Орталық Комитетінің ауыл шаруашылық бөліміне-Каганович пен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесіне – Молотовтың атына жібереді. Хаттың мазмұнында 1931-1932 жылдардағы Қазақ даласындағы халықтың ауыр тұрмысын, ашаршылық апатының таралуын, оның ауыр зардаптарын болдырмау мақсатындағы іс-шараларды қолға алу үшін Орталық Комитеттің назарына жеделдетіп ұсынады. Атап айтқанда... Қазақтар 1931 жылдың аяқ кезінен бастап қонысынан ауып, бір ауданнан екінші ауданға және Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп, көктемге қарай бұл көшу күшейе түскен еді де, ал 1932 жылдың жазында қонысынан ауғандардың бір бөлігі (қолданылған шаралар нәтижесінде) мекендеріне қайтып оралған болатын, осы қонысынан ауа көшу қазір қайтадан белең алып барады. Аштық пен індеттің салдарынан бірқатар қазақ аудандарында және қонысынан ауғандар арасында адамдардың қырылып жатқаны сонша, бұл мәселе орталық органдардың шұғыл араласуын қажет етіп отыр. Қазақстанда қазақ халқының белгілі бір бөлігі душар болған мұндай мүшкіл жағдай өзге өлкелердің не өзге республикалардың ешқайсысында жоқ. Қонысынан ауғандар көршілес өлкелерге және Ташкент, Сібір, Златоуст темір жолдары бойына өздерімен бірге індет апарып таратуда. Совет жолымен белгіленген ішінара шаралармен мәселе шешілетін емес. Орталық Комитеттің қаулысы бойынша дер кезінде бөлінген азын-түліктің едәуір бөлігі тиісті жеріне жетпеген. Бұл мәселенің маңызы зор болғандықтан, Сіздің осы хатпен танысып, аталмыш жағдайға араласуыңызды, сөйтіп түбіне аштық жеткелі тұрған көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға көмектесуіңізді өтінемін", - делінген [5.301]

Т. Рысқұловтың осы хатында Қазақстандағы қонысынан ауған қазақтардың саны және олардың жағдайы туралы деректер келтіреді. Мысалы "...соңғы деректерге қарағанда, қазір Орта еділде-40 мың, Қырғызстанда -10 мың, Батыс Сібірде-50 мың, Қарақалпақстанда -20 мың, Орта Азияда-30 мың қазақ бар. Қонысынан ауғандар Қалмақ жеріне, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа осы сияқты шалғай жерлерге де көшіп кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға ауды. Қазақтардың бұлайша орталық аймақтарға қарай ауа көшуі-Қазақстанда бұрын-соңды байқалмаған құбылыс"- деп жазады. [3,28]

Сонымен бірге қазақ даласындағы ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіруде асыра сілтеушіліктер мен көзбояушылықтар, жергілікті жерлерде партияның колхоз құрылысы жөніндегі бірқатар нұсқаулары өрескел бұзылып, ол өз кезегінде мал басының

кеміп кетуіне және қазақтардың қоныстарынан аууына әкеліп соқтырды, мал шаруашылығын біріктірудегі пайыздық көрсеткіштерге қандай жолдармен болса да жету әрекеттері, ТОЗ-дардың жойылуы, мал шаруашылығы аудандары, артельдер мен коммуналарды ұйымдастыру, оларға 300-400 шаңырақты күштеп енгізу, қазақ және орыс колхоздарын біріктіру, колхоз-совхоздың комбинаттар құру әрекеттері, кедейлерден көшіп кеткен байлардың есебінен салық жинау, толық бір аудандарда революциялық заңдылықтарды өрескел бұзуға жол беру (адамдарды ұрып соғу, тұтқындау, олардың мүліктерін тартып алу, шаруашылыққа тапсырылған шикізат үшін ақша төлемеу сияқты сорақы көріністердің орын алып жатқанын жазған. Аштыққа ұшыраған қазақтарға көмек көрсетуді ұйымдастыруда айтарлықтай жұмыстар жүргізді. Оның жетекшілігімен айтарлықтай жұмыстар жүргізді.

Оның жетекшілігімен РКФСР КК тарапынан қоныс аударушыларға қатысты арнайы комиссия құрылады, көршілес Қырғыз, Башқұрт республикаларының басшыларына үнемі жедел хаттар жазып отырған. 1933 жылы 9 қыркүйекте Т. Рысқұлов БК(б)П Қазөлкелік комитетінің 1-ші хатшысы Л. Мирзоянға, ХКК төрағасы О. Исаевтың атына жазған хатында (№843) қоныс аударушылардың тұрмыстық жағдайларын ретке келтіру туралы, кәсіпорындарға орналасқан 25 мың қазақтар мәселесі, жаз айларында тағы да қосымша жұмыстарға 20 мың қазақты орналастыру мәселелерін алға тартады. Қалай десекте 1931-1933 жылдардағы алапат ашаршылық қазақ халқының тарихындағы ең ауыр қасіретті кезең болды. Зұламатты жылдардың қазақ халқы үшін болған ауыртпалығын бірге көтерген, қолынан келген үлкен көмегін көрсеткен, ер жүректі азаматы Т. Рысқұловтың зобалаң жылдардағы хаттарын Қазақстан тарихының дерек көздері ретінде қабылдаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын. - Алматы. 1995.
2. Аяған Б., Қыдырәлиева Ж.т.б. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты. - Алматы. 2012.
3. Қазақ қалай аштыққа ұшырады/Қасіретті жылдар хаттары/. - Алматы. 1991.
4. Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хаттары, -//Аңыз адам журналы №4. 2013 ж.
5. Рысқұлов Т. Собрание сочинений в трех томах. том 3. - Алматы Қазақстан, 1998.

Аннотация: В статье рассматривается содержание и значение писем государственного и партийного деятеля, заместителя председателя Совета Народных Комиссаров РСФСР Т.Р. Рыскулова как первоисточник истории голода 1931-1933 годов и массовой коллективизации в Казахстане. В условиях жесткого контроля и удушения политических свобод представители казахской интеллигенции оказывали решительное сопротивление насильственным – классовым методам переустройства жизни края. Против насильственных мер коллективизации и оседания казахов выступил ряд казахских интеллектуалов и советско-партийных работников: Т. Рыскулов, Г. Мусрепов, О. Исаев, М. Гатаулин, М. Даулеткалиев, Е. Алтынбеков, К. Куанышов и др. Оценка современниками ошибок допущенных в ходе коллективизации сельского хозяйства играла важную роль. Среди этих документов особое место занимают письма, написанные на имя тогдашних руководителей Советского союза и республики. Особенно впечатляют письмо «пятерых» (июль. 1932 г) письма председателя СНК КазАССР О. Исаева (август. 1932г) заместителя председателя СНК РСФСР Т. Рыскулова (1932-1933 гг.) которые содержат исчерпывающие сведения и дают возможность представить полную картину масштабов трагедии, постигшей республику в результате коллективизации.

Поэтому содержание этих документов имеет огромное историческое значение как первоисточник истории голодомора 1931-1933 годов и политики сплошной коллективизации в Казахстане.

Abstract: The article discusses the content and significance of letters of the state and party leader, deputy chairman of the Council of People's Commissars of the RSFSR, TR Ryskulov, as the primary source of the history of the famine of 1931-1933 and mass collectivization in Kazakhstan. In conditions of tight control and strangulation of political freedoms, representatives of the Kazakh intelligentsia strongly opposed action by force - class methods of reorganization of the life of the region.

A number of Kazakh intellectuals and Soviet-party workers opposed violent measures of collectivization and settling of the Kazakhs: T. Ryskulov, G. Musrepov, O. Isaev, M. Gataulin, M. Dauletkaiev, E. Altynbekov, K. Kuanyshov and others. Evaluation by contemporaries of errors allowed during the collectivization of agriculture played an important role. Among these documents, letters written in the name of the then leaders of the Soviet Union and the republic occupy a special place. The letter of the "five" (July 1932) of the letter of the Chairman of the Council of People's Commissars of the Kazakh SSR O. Isaev (August 1932) of the Deputy Chairman of the Council of People's Commissars of the RSFSR T. Ryskulov (1932-1933), which contain comprehensive information and provide an opportunity to present a complete picture of the scale of the tragedy, is especially impressive. , which befell the republic as a result of collectivization. Therefore, the content of these documents is of great historical importance as the first source of the history of the Holodomor of 1931-1933 and the policy of continuous collectivization in Kazakhstan.